



Magjan juldzy

6+

Магжан Жұмбаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 21 (923) 28 мамыр 2026 жыл

www.facebook.com/Magzhanzhuldizi https://www.instagram.com/magzhanzhuldizi/ e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

КӨКТЕМГІ-ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫ - 2026

БІЛІМ БЕРУ



ЕГІС НАУҚАНЫ ҚЫЗҒАН ШАҚ

Ауданның ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің мәліметінше, ағымдағы жылы аудан бойынша барлық егіс алаңы 414,6 мың га құрайды. Дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар ауданы 310,7 мың га құрайды, оның ішінде қарақұмық - 1,2 мың га; майлы дақылдар - 62,5 мың га, жемшөп 40,6 мың га, картоп пен көкөністер тиісінше 0,7 мың га және 0,1 мың га. 2026 жылы ауыл шаруашылығы дақылдарын суару алаңы 24 га құрайды, оның ішінде тамшылатып суару - 24 га.

Еселті кезеңде 300,0 мың га сүдігер жыртылды. Биылғы жылы қар ұстау 31,2 мың га немесе 10,7% алаңда жүргізілді.

Ағымдағы күні ылғалдың жабылуы бірінші ізбен - 408,1 мың га, екінші ізбен - 173,3 мың га алқапта жүргізілді. Егіс алдындағы өңдеу 314,7 мың га алаңда жүргізілді, оның ішінде химиялық - 92,6 мың га. 96,4 мың га алаңда 8,3 мың тонна минералды тыңайтқыштар енгізілді.

Жаздық дақылдарды егу жалғасуда. Ағымдағы күнге 216,8 мың га дәнді және 56,5 мың га майлы дақылдар егілді. Ауданның ауыл шаруашылығы құрылымдары 2026 жылғы егінге 45,7 мың тонна тұқым әзірледі, оның ішінде 41,7 мың тонна - дәнді дақылдар.

Жоспарланған 38,8 мың тонна бойынша ағымдағы күнге ауыл шаруашылығы өндірушілері (АШТӨ) 34,2 мың тоннаға (88%) шарт жасасты, 30,5 мың тонна (79%) жөнелтілді. Шарттар жасасу процесі жалғасуда. Вегетациялық кезеңде және пар жырты кезінде енгізу үшін қосымша кемінде 5,0 мың тонна минералды тыңайтқыштар сатып алу жоспарлануда.

Көктемгі егіс жұмыстарын жүргізу үшін ауданда өртүрлі модификациядағы 1 020 трактор, 95 егіс кешені, 1 455 сепкіш, 234 жүк көлігі, 185 астық тиегіш, 80 тұқым улағыш, 6,5 мыңнан астам тырма, 269 қопсытқыш, 153 сыдыражыртықшы, 151 соқа, 320 жалпақ кескіш бар.

Ағымдағы күнге жалпы сомасы 1 623,0 млн. теңгеге 57 бірлік техника мен жабдық сатып алынды, оның ішінде 17 трактор, 3 комбайн, 1 егіс кешені.

АУДАНЫҢ 188 ТҮЛЕГІ ҮШІН СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ СОҒЫЛДЫ

25 мамыр күні ауданның барлық білім беру ұйымдарында 2025-2026 оқу жылының аяқталуына арналған салтанатты жиындар өтті. Түлектер үшін бұл күн ерекше толықнысқа толы әрі есте қаларлық сәт болды — маңызды өмір кезеңінің аяқталып, жаңа жолдың басталуын білдіретін соңғы қоңырау соғылды.



Мерекелік іс-шараларға бөлім басшылары, ауылдық округ әкімдері, ата-аналар қауымдастығының өкілдері, педагогика саласының ардагерлері, шаруа қожалықтарының басшылары қатысты.

Аудан әкімі Рахат Смағұлов және білім бөлімінің басшысы Талғат Қарабаев Возвышенка орта мектебіндегі салтанатты жиынға қатысты. Ауданның өкімі өз сөзінде оқушыларды, мұғалімдер мен ата-аналарды оқу жылының аяқталуымен құттықтап, түлектерге қорытынды емтихандарды сәтті тапсыруға тілектестік білдірді.

— Соңғы қоңырау — қуанышқа, толғанысқа және жарқын естеліктерге толы ерекше күн. Бүгінгі түлектер үшін мүмкіндіктер мен жаңалықтарға, маңызды шешімдерге толы жаңа өмір кезеңі басталады.

Барша түлектерге сәттілік, биік белестер мен

жарқын болашақ тілейміз, - деді Рахат Назымбекұлы.

Биыл аудан мектептерінің 11-сыныптың 188 түлегі аяқтайды. Олардың ішінде 10 оқушы — үздік аттестатқа, ал 5 оқушы «Алтын белгіге» үміткер. Бұл көрсеткіштер оқушылардың табанды еңбегінің, ата-аналардың қолдауы мен педагогтердің сапалы жұмысының нәтижесі болып табылады.

Жалпы барлық салтанатты жиындар жылы және мерекелік атмосферада өтті. Түлектер үшін қоштасу сөздері, музыкалық құттықтаулар және ізгі тілектер айтылды.

Барша оқушыларды, ұстаздар мен ата-аналарды оқу жылының аяқталуымен құттықтаймыз!

Түлектерге емтихандарды сәтті тапсырып, алға қойған мақсаттарына жетулеріне және жарқын болашақтарына тілектеспіз!

Магжан Жұмбаев ауданы әкімінің баспасөз қызметі.

ЕҢБЕК АДАМЫ

ӘКЕ КӨРГЕН ОҚ ЖОНАР

Көктем келісімен ауданның агроқұрылымдары мемлекеттің зор қолдауының әрі сатып алынған жаңа техникалар мен жабдықтарының арқасында егіс науқанын қызу қарқынымен бастап кетті. Діққандар егін егу жұмыстарына кірісіп, алқапта жүргендеріне он шақты күн болды. Бұл шаруалардың жауапты науқанға асқан дайындықпен келіп, барлық жұмысты алдын ала пысықтап алғанын байқатады.



Еселі еңбекті еншілеген діққандар қауымының басты мақсаты - көктемгі егін егу жұмыстарын агротехникалық талаптарға сай жүзеге асырып, қысқа мерзімде аяқтау. Сондай серіктестіктердің бірі - Магжан ауылдық округінде жұмыс жасайтын «Қызылжар МТС Агро» ЖШС. Бұл шаруашылық заманауи сүт-тауарлы фермасымен, жаңа техникаларымен және озат еңбеккерлерімен танымал. Бұл жолы біз майталман механизаторларымен аты шыққан - Тұрғынбаевтар әулеті жайлы әңгімелеуді жөн көріп отырмыз.

Марат Ыбырайұлы - аталмыш шаруашылықтағы озат тракторшылардың бірі. Әкесі Ыбырай Тұрғынбайұлы 45 жыл ауыл шаруашылығында аянбай еңбек еткен ауыл еңбеккері. Кезінде еңбектегі жоғары көрсеткіштері үшін жоғары марапаттар алып, тіпті, Халық шаруашылығының жетістіктері көрмесіне барып келген үздік жүгері есіруші екен.

Бүгін әкесінің жолып қуып, ауыл шаруашылығы саласында абыройлы жұмыс жасап жүрген ұлы Марат Тұрғынбаев та жүгері есіруде айтарлықтай жетістіктерге жетіп жүр.

- Мен 2015 жылдан бері «Қызылжар МТС Агро» ЖШС еңбек етемін. «Zoomlion» тракторымен «HORSCH M10» жүгері сепкіш кешенімен жүгері егудімін. Мақсат - 800 га алқапқа жүгері егу. Қазір 70%-дай жұмыс атқарылды. Техника мен құрал-жабдықтар бәрі жаңа. Жанар-жағармай уақытында жеткізіледі. Тұқым жеткілікті. Тек тынымсыз еңбек ету керек, - дейді Сарытомар

ауылының тұрғыны. Күзде Марат Тұрғынбаев «Class JAGUAR» комбайнымен қазір отырғызып жатқан жүгеріні жинап, қорада тұрған ІҚМ сүрлем жасайды. Осылайша, ол қысы-жазы фермадағы асыл тұқымды сиырларды мал азығымен қамтамасыз етуге өз үлесін қосып келеді.

Марат - Ыбырай Тұрғынбайұлы мен Зура Біләлқызының көпбалалы отбасында туып өскен. 1973 жылы 8 қаңтарда Сарытомар ауылында дүниеге келген кәйіпкеріміз ауылдастары сияқты орта мектепті тәмамдаған.

1990-91 жылдары Булаев қаласында жүргізушілер дайындайтын орталықта В. С санаттары бойынша жүргізуші мамандығына оқып, 1991-93 жылдары Отан алдындағы әскери борышын өтеген. Туған жеріне оралған соң, тракторшы мамандығын игеріп, әкесінің абыройлы жолын жалғастырады.

Осылайша, 30 жылдан артық механизатор болып қызмет атқарып келе жатқан Марат Ыбырайұлы отбасына да үлкен көңіл бөліп, жұбайы Айнура Мұратқызымен үш қыз және екі ұл тәрбиелеп отыр. Балаларының жарқын болашағы үшін аянбай тер төгіп жүрген кәйіпкеріміздің мақсаты айқын. «Нам болса, ән де болады» демекші, көктемде екені есіп, оны күзде ысырапсыз жинап алса, міне, сол - төккен тердің нәтижесі.

Ендеше, ерістік алқалтарында тынымсыз егін егіп жүрген мағжанды еңбеккерлерге сәттілік тілеп, көктемгі дала жұмыстарын сапалы әрі уақытылы аяқтап, мол өнім алуға тілектеспіз. Еркін ТӨЛЕГЕН.



АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТІ СЕССИЯСЫ ӨТТІ

Сессияның жұмысына аудан әкімінің орынбасары Абай Қазисов, мәслихат төрағасы Айзада Рахметова, ауданның мемлекеттік органдарының басшылары мен ауылдық округ әкімдері, сондай-ақ Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Тексеру комиссиясының мүшесі Абзал Қарабеков (ZOOM платформасы арқылы) қатысты.

Ауданның Булаев қаласының және ауданның ауылдық округтерінің 2025 жылғы бюджеттерінің атқарылуы туралы мәселелер қаралды.

Абзал Ерұланұлы депутаттарды Мағжан Жұмабаев ауданының 2025 жылғы бюджетінің атқарылуы туралы хабарлар етті.

Аудандық бюджеттің атқарылуы туралы есеп бойынша депутат Нұржанат Шәрімов қорытынды жасады.

Сондай-ақ, Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихатының аудан, Булаев қаласы және ауылдық округтердің бюджеттерін нақтылауға, сондай-ақ аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының құрамдарын өзгертуге қатысты кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы мәселелер сессияның қарауына енгізілді.

Күн тәртібінде көзделген мәселелер бойынша депутаттар тиісті шешімдер қабылдады.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

КОНКУРСТАН ТЫС ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ЖАС МАМАНДАР

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, тек кәсіби мемлекеттік аппарат халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыруға, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге қабілетті.

Қазіргі әлемде мемлекеттік сектор үшін басым міндетке айналған ой өрісі кең және талантты адамдарды іздеу үшін күрес белсенді дамып келеді.

Осыған байланысты, 2023 жылы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңның 15 бабына ГРА 3,33 және одан жоғары мемлекеттік грант есебінен жоғары оқу орындарын бітірген түлектерді аудандардың мемлекеттік органдарының төменгі әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына конкурстан тыс тағайындауға қатысты өзгерістер енгізілді.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті Заңның осы нормасына сәйкес, бірқатар тағайындауларды келісті.

Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің, академик Енвей Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің, Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің, Астана медициналық және Қазақ ұлттық аграрлық-зерттеу университеттерінің 25 түлегі Солтүстік Қазақстан облысының аудандарына «Б» корпусының төменгі әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына тағайындалып, қызметтерін атқаруда.

Жоғары оқу орындарының түлектері сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, ветеринария, жер қатынастары, агроөнеркәсіптік кешен, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау, ветеринарлық бақылау және қадағалау салаларында жұмыс істейді, ал кейбіреулері аудан әкімдерінің аппараттарында басқару мәселелерімен айналысады.

Олардың пікірінше, мемлекеттік қызметтің барлық сатыларынан өткен мамандар жоғары лауазымдарға іріктеу кезінде бағаланады және олар бұлашақта міндетті түрде жауапты мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға ие болады.

Мағжан Жұмабаев ауданы Бастомар ауылдық округінің бас маманы болып жұмыс істейтін Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің түлегі Альбина Сарбай мемлекеттік қызмет мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл және қолданылатын түрлі

ақпараттық жүйелермен тәжірибе алуға мүмкіндік бергенін атап өтті. Ол өз қызметінде мемлекеттік қызмет көрсету, құжаттама жүргізу, жер қатынастары, абағандыру және азаматтардың өтініштерін қарау мәселелеріне назар аударады, сондай-ақ округ тұрғындарына туындаған мәселелер бойынша консультациялық көмек көрсетеді.

Тимирязев ауданы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы болып жұмыс істейтін Астана қаласы Медицина университетінің түлегі Даниял Ғалымжанның айтуынша, ол мемлекеттік қызметке халық пен мемлекет алдындағы барлық жауапкершілікті түсініп, саналы түрде келген. Әрбір басқару бөлімінің жұмысы туралы барлығын біледі, өйткені ол шетте тұрмайды және басшылық тапсырған көз келген істі шұғыл орындауға тырысады.

- Біздің мемлекеттік органның шешіміне бір адамның ғана өмірі мен денсаулығы байланысты емес. Біздің міндетіміз - инфекцияның таралуын барынша болдырмау, алдын алу жұмыстарын жүргізу, - дейді Даниял.

Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің түлегі Максим Лукьянов ҚР АШМ Аққайың аудандық аумақтық ветеринариялық бақылау және қадағалау инспекциясының бас маманы болып жұмыс істейді. Оқу кезінде Максим адамдарға пайда әкелуге және ветеринариялық-санитариялық салауаттылықты қамтамасыз етуге үлес қосуға ұмтылған болатын. Мемлекеттік қызметке және ветеринариялық қауіпсіздік саласына қызығушылық танытты. Максим өз жұмысында жеке және заңды тұлғалардың ветеринариялық заңнаманың және қауіпсіздік талаптарының сақталуы үшін ветеринариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады.

- Менің мамандығым ерекше маңызды, - дейді Максим. Өйткені, біздің жұмысымыз ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен және халықтың денсаулығын қорғаумен тікелей байланысты. Қазақстандықтардың денсаулығы бізге байланысты және сіз қай облыстан екеніңіз маңызды емес, өйткені өнім еліміздің барлық өңірлеріне, тіпті шетелге де түсе алады.

Максим, басқа университет түлектері сияқты, өзінің кәсіби және жеке қызыреттерін үнемі дамытуға, нормативтік құқықтық актілерді зерттеуге, тәлімгерлердің тәжірибесін қабылдауға тырысады.



Ең бастысы, барлық түлектер орындалатын жұмыстың қоғам үшін маңыздылығын және жауапкершілікті түсінеді. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңның жаңа редакциясына сәйкес, мемлекет тек грант бойынша ғана емес, сонымен қатар өз қаражаты есебінен оқыған жоғары оқу орындарының түлектерін мемлекеттік қызметке конкурстан тыс тағайындау бойынша жұмысты жалғастыратын болады.

Сонымен қатар, біз жоғары оқу орындарының түлектерін мемлекеттік қызметке жұмыс істеуге және елдің дамуына өз үлесін қосуға шақырамыз.

Мемлекеттік қызметке кіру мәселесі бойынша 8 (7152) 46-58-08 телефонына хабарласуға болады. Біздің мекен жайымыз: Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 38 үй, 4 кабинет.

Гүлнар ЖУСАЛИНА,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің
СҚО бойынша департаменті мемлекеттік қызмет
басқармасының басшысы,
СУРЕТТЕ: Альбина САРБАЙ,
Бастомар ауылдық округінің бас маманы.

АППАРАТТЫҚ КЕҢЕС

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ, ҚОНЫС АУДАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ

Бірінші мәселе бойынша жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Елена Умовиц сөз сөйлеп, аудан бойынша жұмыспен қамту мәселесіне тоқталды.

- Мемлекеттік бағдарламалар мен жеке бастамалар шеңберінде 2026 жылғы 12 мамырдағы жағдай бойынша жалпы жұмыспен қамтылғандар саны 446 адамды құрады, жылдық жоспар - 1212 адам, тиісінше, орындау 36,8% құрап отыр. 168 жаңа жұмыс орындары құрылды, жылдық жоспар бойынша 544 адам/орындау - 30,9%.

Сонын ішінде құрылыс саласында 7 жаңа жұмыс орны, ауыл шаруашылығы саласында 80 жаңа жұмыс орны, басқа салаларда 55 жаңа жұмыс орны (көлік және қоймалау, денсаулық сақтау, білім беру, қоғамдық тамақтану), жеке кәсіпкерлік саласында 26 жаңа жұмыс орны ашылды, - деді Елена Анаанольевна.

Осы сұрақ бойынша мансап орталығының директоры Динара Мұхамеджанова да баяндама жасап, 2026 жылғы 19 мамырдағы жағдай бойынша 298 адам жұмыссыз ретінде есепте тұрғанын, оның ішінде 168 әйел немесе 56%, жастар - 61 адам немесе 20% екенін айтты.

- Қазір 196 адам жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысуда (жастар практикасы - 18, қоғамдық жұмыстар - 91, бірінші жұмыс орны - 7, күміс жас - 42, әлеуметтік жұмыс орындары - 19, бастау бизнес - 3, еркіт қоныс аудару - 9, қысқамерзімді кәсіптік оқыту - 7).

Жыл басынан бері 4 бос орындар жәрмеңкесі өткізіліп, оған 17 жұмыс беруші қатысты. Жәрмеңкелерде әртүрлі мамандықтар бойынша 95-тен астам бос орындар ұсынылды. Іс-шараларға барлығы

26 мамыр күні аудан әкімі Рахат Смағұловтың төрағалығымен кезекті аппараттық кеңес өтіп, халықтың, оның ішінде жастарды жұмыспен қамту және еңбек күші артық өңірлерден Мағжан Жұмабаев ауданына қоныс аудару бағдарламасының орындалуы туралы сұрақтар қаралды.

60 адам қатысты, оның ішінде 19 адам тұрақты жұмысқа орналастырылды.

2026 жылы қысқамерзімді кәсіптік оқытуға 13 адам жіберілді. Биыл 15 грант беру жоспарлануда. Субсидияланатын жұмыс орындарына 159 адам жұмысқа орналастырылды: әлеуметтік жұмыс орындарына 21 адам; жастар тәжірибесіне 16 адам; қоғамдық жұмыстарға 104 адам; «Күміс жас» жобасы бойынша 24 адам; Бос жұмыс орындарына 206 адам жұмысқа орналастырылды.

Жартыжылдың қорытындысы бойынша 320 адамды жұмысқа орналастыру жоспарлануда, оның ішінде: ұлттық жобаларды іске асыру есебінен - 42 адам, көктемгі-дала жұмыстарына - 30 адам, ағымдағы бос жұмыс орындары есебінен - 40 адам, - деді Динара Фарманқызы.

Бірінші сұрақ бойынша жастар ресурстық орталығы директорының м.а. Жалғас Әлнәзіров те ақпарат ұсынып, ауданда жастарды жұмыспен қамту және жұмысқа орналастыру бойынша кешенді шаралар жүзеге асырылып жатқанын тілге тиек етті.

- 2026 жылдың 22 қаңтарынан бастап жастар ресурстық орталығына «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша жұмысқа орналастыру үшін 66 адам консультациялық көмек сұрады, бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда.

Әлеуметтік желілердің ресми беттерінде тұрақты негізде «Назар аударыңыз бос жұмыс орны», «Аптаның бос жұмыс орындары» және «Күннің бос жұмыс орындары» сияқты айдарлар жұмыс істейді, мансап

орталығының бос жұмыс орындары және жеке жұмыс туралы хабарландырулар және әртүрлі бағыттар бойынша қысқамерзімді кәсіптік оқыту туралы мәліметтер жариялануы тұрады.

2022 жылдың 3 қазанында Жастар ресурстық орталығы базасында NEET санатындағы жастармен атаулы жұмыс секторы ашылды. Оның негізгі функциясы - ақпараттық-түсіндіру жұмысы, яғни осы санаттағы жастарды анықтау және жұмысқа орналастыру үшін тиісті органдарға одан әрі ақпараттық сүйемелдеу болып табылады, - деді Жалғас Жәнісұлы.

Өз кезегінде аудан басшысы Булаев қаласы мен ауылдық округ әкімдеріне халықтың, соның ішінде жастарды жұмыспен қамту мәселесіне үнемі назарда ұстау қажеттігін ескертті.

- NEET санатындағы жастармен жұмыс істеу және жас азаматтарды жұмыспен қамту атаулы және жүйелі сипатта болуы тиіс. Басты міндет — жастардың осы санаттан анықтау ғана емес, оларды одан әрі сүйемелдеу, әлеуметтендіру және жұмысқа орналастыру, - деді Рахат Назымбекұлы.

Екінші мәселе бойынша мансап орталығының директоры Динара Мұхамеджанова мәлімет ұсынып, 2026 жылға арналған жоспар 61 отбасы 221 адам екенін, оның ішінде: қоныс аударушылар 58 отбасы 211 адам, қандастар 3 отбасы 10 адам екенін айтты.

Ағымдағы жылдың басынан бастап квотаға 43 отбасы, қоныс аударушылар арасынан

170 адам және Өзбекстан Республикасынан келген қандастар арасынан 1 отбасы 3 адам кірді. Бүгінгі күні ауданда тұрақты тұруға 20 отбасы 71 адам көшіп келді.

Көшіп келген адамдардың ішінен еңбекке қабілетті жасқа келгендер саны - 23 адам; 11 адам бала күтімі бойынша демалыста, 12 адам тұрақты жұмыс орындарына орналастырылды, 16 адам - мектеп жасына дейінгі бала, 21 адам - мектепке дейінгі жастағы балалар. Ағымдағы жылы 4 отбасы тұрғын үйді сатып алуға экономикалық ұтқырлық сертификатын алды. Қазіргі уақытта ауылдық округтерде сатылымда 19 үй және түрлі салаларда 44 бос жұмыс орны бар.

Жұмыс күші артық өңірлерден адамдарды тарту бойынша іс-шаралар тұрақты негізде өткізіледі. Ағымдағы жылы аудан делегациясы 2 рет оңтүстік өңірлерге барып келді. Бұл бағыттағы жұмыстар өлі де жалғастыны болады, - деді Д.Ф. Мұхамеджанова.

Мағжан Жұмабаев ауданын қоса алғанда, еңбек күші артық өңірлерден еңбек тапшылығы бар өңірлерден адамдарды көшіру бағдарламасы мемлекеттік жұмыспен қамту саясаты шеңберінде іске асырылады және еңбек ресурстарымен қамтамасыз етуге, еңбек нарығындағы теңгерімсіздікті төмендетуге және өңірлердегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсартуға бағытталған. Бұл ретте қоныс аударушылардың нақты жұмысқа орналастыру және олардың тұрғылықты жерлерінде бекітілуі мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Кеңес сонында Рахат Смағұлов Булаев қаласы мен ауылдық округ әкімдеріне, мансап орталығына тиісті тапсырмалар беріп, бұл мәселені ұдайы бақылауда ұстауды тапсырды.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

«МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР – ӨМІР АЙНАСЫ»

Қазақстан Республикасының Мәдениет және өнер қызметкерлері күні қарсаңында аудандық Мәдениет үйінде салтанатты іс-шара белен өтті.

Бүгін ұлттық руханияттың алтын арқауына айналған, ел мәдениетінің өрісін кеңейтіп, рухани дамуына субелі үлес қосып жүрген мәдениет және өнер қызметкерлеріне құрмет көрсету - шығармашылық адамдарына деген айрықша құрметтің белгісі.

Іс-шараны аудан әкімі аппаратының басшысы Жаслан Қожахметов ашып, мереке иелеріне аудан әкімі Рахат Смағұловтың ізгі құттықтауын жеткізді.

Мәдениет және өнер қызметкерлері - қоғамның рухани құндылықтарын сақтап, дамытуға өлшеусіз үлес қосып, өскелең ұрпақты өнерді, туған жерді және ұлттық мұраны құрметтеуге тәрбиелейді.

Бүгінде Мағжан Жұмабаев ауданында 65 мәдениет мекемесі жұмыс істейді. Бұл салада 198 мәдениет және өнер қызметкері еңбек етуде. Олардың кәсіби шеберлігі, таланты мен өз ісіне деген адалдығының арқасында ауданның мәдени өмірі қарқынды дамып, игі дәстүрлер жалғасын тауып, жаңа шығармашылық жобалар жүзеге асырылуда.

Ауданда 38 кітапхана, 25 клуб мекемесі және 2 музей халыққа қызмет көрсетуде. Бұл мекемелер мәдениет пен руханияттың, ағарту мен шығармашылықтың маңызды орталықтарына айналуда.

Кітапхана саласында 53 маман еңбек етеді. Олар оқырман мәдениетін қалыптастыруға, кітап қорын сақтауға және халықтың рухани дамуына зор үлес қосуда. Қазіргі таңда кітапханалар түрлі бұйым өкілдерін біріктіретін заманауи мәдени алаңға айналуда.

Клуб мекемелерінде 131 мәдениет қызметкері еңбек етеді. Олардың бастамасымен түрлі мерекелік іс-шаралар, концерттер, фестивалдар, байқаулар мен шығармашылық жобалар ұйымдастырылып, аудан тұрғындарының өнерге деген қызығушылығы артып келеді.

Аудан музейлерінде 14 маман қызмет атқарады. Олар туған өлкенің тарихын сақтап, ұлттық мұраны насихаттауға, жас ұрпақтың бойында отансүйіштік қасиеттерді қалыптастыруға үлес қосуда.

Мәдениет қызметкерлері - жүрегі кең, рухани бай, шығармашылыққа толы жандар. Сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің арқасында ауданның мәдени өмірі



мазмұнды, жарқын өрі тағылымды бола түсуде.

Осы кәсіби мереке күні барша мәдениет және өнер саласының қызметкерлеріне адал еңбектері, жоғары кәсібилігі және өз мамандықтарына деген сүйіспеншілігі үшін шынайы алғысымызды білдіреміз.

Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, шығармашылық шабыт, жаңа жетістіктер мен аудан мәдениетін дамыту жолындағы талағай табыстар тілейміз, - деді Жаслан Әсетұлы.

Содан соң, аудан әкімі аппаратының басшысы Жаслан Қожахметов мәдениет және өнер қызметкерлері күнін мереке-леуге байланысты ондаған өнер иесіне Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің Құрмет грамотасын және Алғыс хатын табыс етті. «Аманат» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қайнолла Сматав та мағжандық өнерпаздарды төл мерекелерімен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

Мәдениет және өнер қызметкерлері күнін мереке-сі - тек сала қызметкерлерінің ғана емес, тұтас ұлттың рухани дүниесін

жаңғыртатын игілікті күн. Кәсіби біліктілік пен өз өнерлеріңізбен елдің рухын асқақтатып, адамзат баласына шексіз қуаныш, зор мақтанш сыйлай білетін сіздер - әрдайым зор құрметке лайық жандарсыздар.

Осы мереке күні біз ауданымыздың мәдениет саласында еңбек ететін қызметкерлердің барлығына: мәдениет үйлерінің, мұражайлар мен кітапханалардың, тілдерді дамыту бөлімінің қызметкерлеріне, мәдени-демалыс және концерттік ұйымдардың мамандарына, көркемдік жетекшілер мен шығармашылық ұжымдардың қатысушыларына шынайы алғысымызды білдіреміз.

Сіздердің апта сайынғы жұмыстарыңыз қоғамдық өмірді мағынамен, үйлесімділікпен және шабытпен толтырады, - деді партия өкілі.

Содан кейін Қайнолла Тоқаулы бірқатар мәдениет саласының қызметкерін «Аманат» партиясы Солтүстік Қазақстан облыстық филиалы мен Мағжан Жұмабаев аудандық филиалының Алғыс

хаттарымен марапаттады.

Бұл күні Мағжан Жұмабаев ауданы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Динара Сұрағанова мен аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің директоры Сандуғаш Бекішева әріптестеріне ризашылығын білдіріп, ондаған азаматқа Алғыс хаттар табыс етті.

Мереке одан әрі кәсіби мерекелерін атап өтіп жатқан өнерлі жандардың концерттік бағдарламасымен ұласты.

Халықтың мәдениетін арттыру, есер ұрпақты ұлтжандылыққа тәрбиелеу, ұлттық өнерімізді дәріптеу мәдениет қызметкерлері арқылы жүзеге асып келеді. Ендеше, ауданның барша мәдениет саласының қызметкерлеріне шығармашылық табыс, отбасылық бақыт, амандық пен сәттілік тілейміз.

Назерке АЙБЕКҚЫЗЫ,
аудандық Мәдениет үйінің мәдени ұйымдастырушысы.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ - МЕНІҢ ТІЛІМ

ТІЛ - БАҒА ЖЕТПЕС МҰРА



Туған ана тілімізді білу, оны ұрпақ сана-сына сиңіру, кеңінен дамыту, мемлекеттік деңгейде толыққанды қолдануын қамтамасыз ету - әрбір азаматтың қасиетті парызы.

Ата Заңымызда және «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңында республика аумағында тілдерді қолданудың құқықтық негіздері, мемлекеттің оларды оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттері белгіленген. Сонымен қатар, аталған заң республика аумағында

қолданылатын барлық тілге бірдей құрметпен қарауды қамтамасыз ете отырып, мемлекеттік тіліміздің мәртебесін белгілеп берген.

Қазақ тілі - барлық мемлекеттік органдардың іс жүргізу саласындағы негізгі тіліне айналды. «Тіл туралы» Заң талаптарына сәйкес осы міндеттерді жүзеге асыру барысында көптеген шаралар қолданып, жүзеге асырылуда.

Мемлекеттік тілді дамытудың бірден-бір жолы - іс қағаздары мен іскерлік байланыс құжаттарын мемлекеттік тілге көшіру. Сот саласында мемлекеттік тілді дамыту бағдарламасын жүзеге асыру бағытында біршама жұмыстар атқарылып келеді. Кеңсе құжаттары мен қатынас қағаздары, нұсқау, өкім сияқты құжаттар мемлекеттік тілде атқарылады.

Айта кететін мәселе, сотқа талап-арыз қай тілде түссе немесе алдында төреу барысында қай тілде жүргізілсе, сот ісі сол тілде жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Азаматтық істер жүргізу кодексінің 14 бабына сәйкес, азаматтық іс жүргізілетін тіл судьяның ұйғарымымен анықталады. Сондықтан, мемлекеттік тілді дамыту, оның қолдану аясын кеңейту сот процесіне қатысушы Қазақстан Республикасының әрбір азаматына да байланысты.

Кей жағдайларда сотқа келіп түсетін шағымның бірен-сараны бол-маса, көпшілігі ресми тілде жазылып түсіп жатады. Өрине, таралтар сот мәжілісінде өзі білетін тілде айғақтар беруге және аудармашының тегін көмегін пайдалануға құқықтары бар.

Істі қарау барысында шағымданушы азаматтардың кейбіреулері ресми тілде берген шағымдары мен арыздарын түсінбейтіндер, тіпті ресми тілін білмейтіндер де кездеседі. Мұндай жағдайда олардың жаздырған арыздарын қарау үшін, сот процесіне аудармашы қатыстырып жеткізіледі.

Сондықтан азаматтардың арызды біреулерге жаздыртып алған жағдайда, немесе адвокаттарымыздың талап арызды дайындап жазып беріп жатқанда, ертең сот процесі де сол арыз жазылған тілде жүргізілетінін есте сақтағаны жөн болады.

Туған тіліміз төрге өзің десек, оның заң жүзіндегі мәртебесін қанағат тұту а. Тілді өмірдің барлық саласында қолданып, аясын кеңейту жолында әрбір қазақстандық өзінің азаматтық міндетін атқарғанда ғана ол нәтижелі болады.

Қанат ЖҮКЕНОВ,
Мағжан Жұмабаев аудандық сотының өкімі басшысы.

КІТАПХАНА



Аудандық балалар кітапханасында Халықаралық балаларды сөзге күйіне орай «Бағым, күнің көзі, дөңгез - балаларға керекі өмір!» атты ерекше шараөсі өткізіліп, оған Бүләев қалаының бағамданыс өсініп оқушылары шағырылды.

КӨТЕРІҢКІ КӨҢІЛ КҮЙ СЫЙЛАҒАН ІС-ШАРА

шағырылып, жүргізушілер балаларға Шығыс елдерінің бай шай мәдениеті туралы әңгімелеп берді.

Бұл күнгі көш балаларға көтеріңкі көңіл күй сыйлап қана қоймай, кітапхананың достықтың, жаңалықтардың және көңілділіктің мекені екенін тағы бір рет дәлелдеді. Кештің жарқын қорытындысы ретінде естелікке ортақ фотосессия мен көңілді балалар би кеші ұйымдастырылды. Іс-шара балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттырып, кітаптардың қаншалықты тартымды әрі қызықты бола алатынын көрсетті.

Ирина ГЛЕЙЗНИС,
аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі.



ҚЫЗЫЛАҒАШ - АШАРШЫЛЫҚ ПЕН АЙДАУҒА ДЕЙІН

Солтүстік Қазақстан облысы, кезіндегі Бейнеткор, бұрынғы Булаев, қазір Мағжан Жұмабаев ауданының Қарағанды ауылы. Қарағанды совхозы 1935 жылы 15 қазанда Булаев ауданы «Чистовский» совхозының жетінші бөлімшесінің негізінде құрылды.

Бір кездері Домалақ би мен Байтоқа би келіп, осы жерге қоныс аударған. Бұл жерде ешқандай тұрғын болмаған екен. Келгенде, олар Келтесорға барып, қоныстанған. Сол жерден тараған ұрпақтар қазіргі таңда менің жолдасымның туыстары. Мен Түйметай Қасенқызы - Уақтың қызымын. Атам Баян, Баяннан тараған ұрпақтар сол жерде тұрады. Баянның баласы Булан. Буланнан төрт ағайын тараған, олардың біреуі мен боламын. Осы төрт ағайынның ұрпағынан шықтым. Мен сол жердің тұсында өскенмін, бірақ өткен жылы осы жерге көшіп келдім.

Мен өзім сол кезде болмағаныммен, бұл оқиғаларды өкем мен аналарымыздан естідім. Домалақ би мен Байтоқа би келгенде, олар бірінші рет Уақтың руымен бірге қоныстанған. Бір жыл өткеннен кейін, Қарауыл атасы келіп, жерге рұқсат сұрайды. Ол: «Мен біраз уақыт тынығып алайын, содан кейін кетемін» деп сұраған екен. Менің атам рұқсат беріп, жерді пайдалану үшін оған бір жыл уақыт берген. Қарауыл ата осы уақыт аралығында қайтып келмеген соң, ол жер Қарауылға тиесілі болып қалады. Сонымен қатар, Домалақ би мен Байтоқа би де осы жерге қоныс аударып, қыз алысып, қыз берісіп, бірге тұрып, жер бөліседі.

Ол кезде Омбы облысы үезі болған, сондықтан бұл екі би жер үшін шағымданады. Омбыға барып, шағым түсіріп, жердің бөлісін алады. Бұл екі рудың жері болып, екі ру — Уақ пен Қарауыл осы жерде қоныстанады. Ұрпақтары кейін осы жерде өсіп, қазіргі уақытта олар бірнеше жерге тарап кеткен. Уақ руынан кейбір адамдар совхозға көшірілді. Осылайша, екі ауылды біріктіріп, «Стаханов» атындағы колхоз құрылды. Бұл колхоз Келтесор және Басшыұл ауылының құрамына кіретін Қызылағаш деген жерде орналасқан.

Менің туған жерім Қызылағаш. Сол жерде колхоздар бір бірімен қосылып, 1952 жылы кеңейтілді. Барлық маңайдағы ұсақ ауылдарды қосып, бір үлкен колхоз құрылды. Бұл кейінірек «Миллионер» колхозы болып өзгерді, ал совхоздың атауы Убыточный (шығынды) болды. Осы өзгерістердің



нәтижесінде біз 1957 жылы совхозға көшіп, сол жерде өмір сүрдік. Сол жерде туып, өсіп-өнген адамдар бүгінде әр түрлі жерлерде тұрып жатыр.

Қазір үлкендер кетті, өмірден озды. Артында қалған балалар өрмік әр жақта — біреулері Астанада, енді біреулері Көкшетауда, барлығы бөлек-бөлек өмір сүріп жатыр. Бәрі — сол екі рудан, Уақ пен Қарауылдан тараған ұрпақтар. Қазіргі таңда бұл жақ Қарағанды кеңшары болды ғой. Сол жерде енді Уақ руынан тек азғана үй қалды, ал Қарауыл руынан Жақсылық Қарауыл дегендер тұрып жатыр, фермасын да солар ұстап отыр.

Байтоқа би кезінде Басшылық деген ауылды басқарған. Бұл ауыл Қызылағаш деген жерде болған. Ал мен Баян атаның Булан деген баласынан тараймын. Буланнан төрт ағайынды тараған — Мұсабай, Жылқыбай, Манабай, Тана — мен сол Танадан өрбігенмін. Менің атам Басшықұл, ол кісі 1937 жылы «бай», «қулақ» деген жаламен айдалып кеткен. Байтоқа бидің туысы немесе інісі болуы мүмкін. Айдауға кеткелі ол кісінің қайда кеткені, қайда қалғаны бізге беймәлім. Бірақ ұрпақтары тірі, немерешелері осы қалада тұрып жатыр. Сол үлкендердің көбі өмірден өтті.

Қозыбаев Сәрсенбай, Қасымұлы Дайыр деген кісілер соғысқа кеткен. Мен ол кезде бала едім. Кейбірі соғыстан аман оралды. Қозыбаев, Әженов Сапарғали деген кісілер болды. Соғыстан кейін ауылда өркім әртүрлі қызмет атқарды — біреуі басқарма болды, біреуі жүргізуші, ауыл шаруашылығында кім не істей алды, соны істеді. Соғыстан кейін бірінші басшы болғандар басқарма болып, елді басқарды.

Бір үлкен ағамыз партия ұйымдастырушысы (парторг) болып жүргенде сотталып кетті, кейін Қызылжардағы түрмеде қайтыс болды. Одан кейінгі басқарма Әженов Сапарғали болды. Ол кісі де елді басқарды, колхозды басқарды. Кейін совхозға қосылған жылдары жүргізуші болып істеді, содан зейнетке шығып, 73 жасында қайтыс болды.

Менің жолдасым Қайырқелді Қасенұлы — жетім бала болған, 14 жасында тракторист болып жұмыс істепті. Сол совхоздағы бірінші трактористердің бірі. Менің үлкен апаым — Тәжитқызы Жаңыл деген кісі — сол кезде қыз күнінде тракторист болып еңбек еткен. Бізде сондай еңбекор адамдар көп болған.

Мүғалім болған Жолашуин Мағжан деген кісі өйелімен бірге жұмыс істеді. Менің алғашқы мүғалім — сол кісі. Одан бұрынғылар есімде жоқ.

Әкемнің айтуынша, ертеде бұл маңай қалың орман болған екен. Кейін айдаудан келген орыстар — қазақтар қарашекпенділер деп атайтын — осы жерге келіп, қоныстанған. Олар қазақ тілін білмейтін, қазақтар да орысша білмейтін. Сөйтіп, түсініспеушілік туып, ағашқа талас болып, қақтығыстар шыққан. Қазақтар орманды қорғап, бермеген, бірақ орыстар ағашты зорлықпен кесіп, өз үйлерін салған.

Арғы бөтке Орловка деген ауыл, кейін Украина деген ауыл салыныпты. Барлығы да біздің орманның ағаштарын пайдаланып салынған екен. Келтесор маңы — сол кезде өте қалың орман болған.

Сол ормандардың арасында, Қызылағаш жақта Байтоқа бидің тұқымы тұрған — Шұғыла ауылында. Басшықұл ауылы да сол маңайда. Қарауыл туы тұрған жер — Қаратал деп аталады. Қаратал мен Қызылағаштың арасы шамамен бір шақырым. Тағы бір елді мекен — Екішоқы деген жер, ол жаққа 1946—1947 жылдары барып қоныстанған. Қазір тек шоқының орны қалған, ауылдың өзі жоқ. Тағы бір ауыл — Аралағаш ауылының да тек орны ғана бар.

1957 жылы бізді Қарағанды совхозына қосты. Совхоздың аты бастапқыда Убыточный шығынды болды, кейін ірілендіріліп, Миллионер колхозымен біріктірілді. Осы кезде 3—4 ауылдың жұрнақтарын қосып, үлкен совхоз құрды. Қарағанды совхозында небір 30 шақты үй болған. Миллер деген неміс азаматы бізге директор болды, Еңбек Ері, Социалистік Еңбек Ері деген атағы бар еді. Ол кісі зейнетке шыққанша жұмыс істеп, кейін Германияға көшіп кетті. Сол кісі кеткеннен кейін совхоз ақырындап құлдырай бастады.

Ауылда екі ескі зират бар — бірі Қарауыл зираты, екіншісі Уақ зираты. Қызығы, Қарауыл зираты Уақтың жерінде, ал Уақ зираты Қарауылдың жерінде орналасқан. Екі ру да өздерінің ата-бабасын осы екі зиратта жерлеген. Қазір жастар барып, құран оқып, тазалап, жөндеп кетіп жүр екен.

Тағы бір — Төreshуңқыр деп аталады. Домалақ би деген кісі осы жерде би болған, оның баласы Омар деген азамат болыс қызметін атқарған. Бұлар менің жолдасымның аталары.

Сұхбат алған
Самат ЖҰМАТАЙҰЛЫ.

С1 МАУСЫМ - ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

ЖАЗҒА БАҒДАР - ТИІМДІ ДЕМАЛЫСҚА НАҚТЫ ҚАДАМ

Ағымдағы жылы 1-10 сынып оқушыларының (3215 оқушы) 96,4% жазғы демалыстың әртүрлі түрлерімен қамту жоспарлануда. Бірінші кезекте сауықтырудың, демалудың және жұмыспен қамтудың барлық түрлерімен жеке санаттағы 946 бала қамтылатын болады. Жалпы ауданда 1-ден 10 сыныпқа дейінгі оқушылар саны - 3335 баланы құрайды.

Маусым айында «Аққайың» балалар сауықтыру-білім беру орталығын ашу жоспарлануда, қазіргі уақытта 21 сәуірден бастап жалпы сомасы 50 млн. теңгеге ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Қауіпсіз жазғы демалысты қамтамасыз ету және балалармен жазатайым оқиғалардың алдын алу үшін дератизация, дезинфекция, өртке қарсы қауіпсіздік, ағаш конструкцияларды өрттен қорғау, аумақтарды жырту бойынша профилактикалық іс-шаралар жүргізіледі.

Лагерді қабылдау үшін аудан әкімінің орынбасары басқаратын білім беру, денсаулық сақтау, құқық қорғау органдары, өртке қарсы қызмет, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының мамандары қатарынан ведомствоаралық комиссия құрылды.

Лагерді қабылдау 5 маусымға дейін жүргізіледі, сауықтыру лагерінде 2026 жылғы жазғы маусымның ашылуы 8 маусымға жоспарланған. 500 баланы қамти отырып, ұзақтығы 10 күн болатын 5 сауықтыру маусымы анықталды (2025 жылы бір ауысым 7 күнді құрап, 430 бала демалған болатын).

Балалар үшін 5 рет тамақтану қамтамасыз етіледі. Лагерге жолдама күні 40 мың теңгені құрайды. Жолдамаларды сатып алу үшін жергілікті бюджеттен - 6,4 млн. теңге (160 бала), демеушілік қаражат есебінен - 9,2 млн. теңге (230 бала), кәсіподақ есебінен - 2 млн. теңге (50 бала), ата-ана төлемі есебінен - 2,4 млн. теңге (60 бала) қаржыландыру көзделген.

«Березка» лагерінің бағдарламасына сәйкес келесі іс-шараларды ұйымдастыру жоспарлануда: лазертаг, квадроциклмен жүру, арқан қалашығы, шағын экскурсиялар өткізуге арналған өшекейлері

Балалардың демалысын ұйымдастыру қашанда маңызды мәселенің бірі болып саналады. Жыл сайын демалыс уақытында балалар мен жасөспірімдердің толық демалуына, танып білу, шығармашылық және қоғамшылдық белсенділігін арттыруға, деніңгі саулығын арттыруға жағдай жасау мақсатында оқушылар үшін лагерьлер және мектеп жанындағы жазғы сауықтыру алаңдары ашылады.



бар киіз үй, шағын кинотеатр, театр қойылымдары, спорттық ойындар, робототехника және авионика, 840 баланы қамтитын этно-ауыл.

«Балдәурен» республикалық орталығында 5 бала, «Бөбекте» 3 бала демалады. Аудандық кәсіподақ комитетімен бірлесіп, 0 жылдан 18 жасқа дейінгі ата-аналарымен — 20 оқушыны «Дискавери Бурбай» курорт-қонақ үйін сауықтыруға жіберу жоспарлануда.

Осылайша, алдына ела 528 (15,8%) оқушы қала сыртындағы демалыспен қамтылатын болады.

Жазғы кезеңде оқушылар 4 бағыт бойынша жұмыспен қамтылады:

- еңбек (757 бала) — кәсіпқандыру және абаттандыру бригадалары, мектеп орман шаруашылықтары;

- спорттық-туристік (331 бала) - жорықтар, экскурсиялар;

- шығармашылық (215 бала) - 2 қосымша білім беру ұйымдарындағы қызығушылықтары бойынша үйірмелер.

4 маусымнан бастап мектептер жанынан 412 оқушыны қамтумен, тамақтандырудағы ұйымдастыра отырып, мектеп жанындағы алаңдар жұмысын бастайды, тамақтанусыз - 1257 бала.

Жазғы кезеңде балаларды жұмыспен барынша қамту үшін мектептерде 7 шатырлы лагерь (126 баланы қамту), 1

киіз үй лагерьі (840 баланы қамту) жұмыс істейтін болады.

Жазғы кезеңде «Altyn ugra» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығы және қосымша білім беру орталығы өз жұмысын жалғастырады.

Қосымша білім беру орталығында 17 үйірме жұмыс істейді. «Altyn ugra» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығында 16 үйірме жұмыс істейді.

«Бір күн қалада», «Елді зерттеу» жобалары аясында жалпы 570 оқушыны қамтитын 48 туристік таныстыру пойызы, пойыз жолында балалар театрға, ботаникалық баққа, кинотеатрларға, ойын-сауық орталықтарына, мәдени нысандарға, облысымыздың киелі орындарына барады. Биылғы жылы музей бастамашы болған «Елді зерттеу» жобамызды облыстық деңгейде масштабтауды жоспарлап отырғанын атап өткім келеді.

Жазғы демалысты ұйымдастыруға 250-ден астам педагог кадр (264) тартылатын болады. Полиция бөлімімен бірлесіп қызметкерлердің сотталығының жоқтығына тексеру жүргізілді, тәлімгерлер медициналық комиссиядан өтті.

Балалар мен ата-аналар арасында жазғы кезеңде қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылды.

Білім бөлімі қабылдайтын 2026 жылғы балалардың сауықтыру науқанын дайындау және өткізу жөніндегі шаралар белгіленген талаптарға сәйкес балалардың демалысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жаз жақындап келеді — жарқын демалыс пен мықты денсаулықтың уақыты!

Сондықтан ата-аналарға Мағжан Жұмабаев ауданы Чистовское ауылында орналасқан «Аққайың» балалар сауықтыру лагері сіздердің балаларыңызды асыға күтетінін жеткіземін.

Солтүстік Қазақстанның көркем табиғаты, таза ауа, қайыңды алқаптар мен жайлы қорықтар — мұнда балаларыңыз тамаша демалып, күш жинап, денсаулықтарыңыз нығайтып, жаңа достар табады!

Талғат ҚАРАБАЕВ,
білім бөлімінің басшысы.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЛЁТИ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ - ЖАСТАР БОЛАШАҒЫНЫҢ КЕПІЛІ



Мағжан Жұмабаев ауданында ұлы қазақ ағарты, ойшыл және ақартушы Мағжан Жұмабаевқа, сондай-ақ «Ұлы қош» қозғалысының 35 жылдығына арналған студенттердің халықаралық слёті өтті. Әс-шара жастар арасындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға және түрлі елдер жастары арасындағы достықты нығайтуға бағытталған маңызды оқиға болды.



Қатысушылар алдында Мағжан ауылдық округінің әкімі Ботабекова Баян Жайдарханқызы, Солтүстік Қазақстан облыстық Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы филиалының жетекшісі Арман Мұсағұтұлы; Шоқан Уәлиханов атындағы қазақ-орыс достық орталығының басқарма төрағасы, әскери қызмет пен ұрыс қимылдарының ардагері Көптуров Махаббат Ғабдулғапарұлы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Омбы филиалы директорының орынбасары, заң ғылымдарының кандидаты, «Омбы қазақтары» газетінің редакторы Әшімова Торғын Мұхамедиярқызы, Омбы педагогикалық колледжі музейінің меңгерушісі Зубарева Лариса Степановна, сондай-ақ Омбы білім беруді дамыту институтының оқытушысы Сәрсенова Баткен Ноғайбайқызы құттықтау сөз сөйледі.

Слётке Ресей Федерациясы Омбы қаласындағы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Омбы филиалында білім алушылар, сондай-ақ Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің Foundation факультетінде оқитын шетелдік студенттер қатысты. Олардың қатарында Моңғолия, Өзбекстан және Қытай Халық Республикасының азаматтары болды.

Іс-шара бағдарламасы Мағжан Жұмабаевтың туған жеріне қойылған құлпытасқа барудан басталып, қатысушылар ақын рухына тағзым етті. Одан кейін

ескертікішіне гүл шоқтарын қою рәсімі өтті.

Шоқан Уәлиханов атындағы қазақ-орыс достық орталығы атынан Мағжан Жұмабаев ауданының әкімі Рахат Назымбекулы Смағұлова, Мағжан Жұмабаев музейі филиалының директоры Мұхамедиярова Айгүл Теңдікқызына және Омбы білім беруді дамыту институтының оқытушысы Сәрсенбаева Баткен Ноғайбайқызына Шоқан Уәлихановтың 190-жылдығына арналған мерейтойлық медальдар табысталды.

Өз кезегінде Мағжан Жұмабаев ауданы әкімі аппаратының басшысы Жаслан Қожахметов аудан әкімі атынан сый-сияпат жасап, жеті тілде жазылған «Біздің Мағжан» атты кітапты тарту етті.

Кейін қатысушылар Мағжан Жұмабаев музейіне барып, экскурсия барысында қонақтар ақынның өмірі мен шығармашылығын, сондай-ақ өңір тарихын бейнелейтін экспонаттармен танысты.

Бағдарлама аясында алыс-жақыннан келген меймандар Булаев қаласында ашылған «Мағжан Креатив» IT-орталығына барып, онда жастар бастамаларын дамытуға бағытталған заманауи цифрлық жобалар ійді.

Сонымен қатар студенттер аудандық Мәдениет үйінде аудандық тарихи-өлкетану музейінің көрмесін және аудандық кітапхана ұйымдастырған Мағжан Жұмабаев атындағы жылжымалы кітап көрмесін тамашалап, қатысушылар өңірдің мәдени және

тарихи мұрасымен танысты.

Слёт соңында Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп спорт залында студенттер арасында достық волейбол ойыны ұйымдастырылды. Ойын нәтижесі бойынша командаларға Алғыс хаттар мен кубоктар табысталды.

Биыл қиырдағы қазақтардың атажұртқа алғаш қадам басқанына 35 жыл толып отыр.

1990 жылдың сәуір айында Моңғолиядан келген қандастар тұңғыш рет тарихи отанына табан тіреді. Осыдан кейін Ұлы көшке даңғыл жол салынды. Екі ел арасында «еңбек шарты бойынша жұмыс күшін келтіру» туралы келісімге қол қойылды.

Сейтіпбір жылдан соң тарихи отанның аңсаған жандар Қазақстанға қоныс аударма бастады. Сол тұста Отанға оралған қандастар қазақтың салт-дәстүрін, тілін, мәдениетін өкеліп, қайта жаңғыртты.

Ел дамуына айрықша еңбек сіңірді. Ал 1997 жылдың 13 желтоқсанында тұңғыш рет қазақ тілінде «Халықтың көші-қоны» туралы заң қабылданды.

Жалпы бұл күнгі мазмұнды шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, Мағжан Жұмабаевтың тарихи-мәдени мұрасын келер ұрпаққа насихаттаудың және мұндай іс-шаралардың халықаралық ынтымақтастық пен мәдени тәжірибе алмасуды нығайтудағы маңызы атап өтілді.

Ботагөз ЗАЙНУЛЛИНА,
мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы.



MEMLEKETTIK QOLDAU SHARALARI

БАЛАЛАРЫ БАР ОТБАСЫЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТИК ҚОРҒАУ



Отбасында төртінші баласы дүниеге келген кезде отбасы көп балалы мәртебесіне ие болады. Осы сәттен бастап ол 2026 жылғы қаңтардан бастап 63 айлық есептік көрсеткіш (одан әрі-АЕК) немесе 272 475 теңгені құрайтын бала тууға арналған біржолғы көтерме жәрдемақыға үміткер бола алады.

Бір жарым жасқа дейінгі төртінші және одан да көп балаға күтім жасау бойынша ай сайынғы жәрдемақы 8,90 АЕК немесе 38493 теңгені құрайды. Бірақ мемлекеттің көмегі мұнымен бітпейді.

Көп балалы отбасыларға көпелдендірілген жәрдемақы төленеді, ол табысқа да, отбасы мәртебесіне де байланысты емес, тек балалар санына байланысты. Көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақы тағайындау кезінде отбасы құрамында туған, асырап алған, сондай-ақ қорғаншылыққа (қамқоршылыққа) алынған балалар, егер басқа ата-ананың отбасында ескерілмесе, өгей балалар ескеріледі.

Бұл ретте отбасы құрамында ата-аналары ата-ана құқықтарынан айрылған

немесе ата-ана құқықтары шектелген балалар ескерілмейді.

Көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақы мемлекеттің толық қамтамасыз етуіндегі балаларға тағайындалмайды.

Өтініш беруші балалардың бірге тұратын көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақы тағайындауға арналған өтініште бірге тұратын балаларды көрсету арқылы өз бетінше растайды.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 16-бабына сәйкес он төрт жасқа толмаған балалардың заңды өкілдерінің тұрғылықты жері олардың тұрғылықты жері болып танылады.

Ерлі-зайыптылар арасында неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған жағдайда балалардың ата-анасының біреуімен бірге тұруы сот шешімімен расталады.

Төртінші бала отбасында дүниеге келгенде, бір жарым жасқа дейін туу және одан күтім жасау жәрдемақыларынан басқа, үлкен бала көмелетке толғанға дейін отбасына көп балалы отбасы ретінде ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы тағайындалады. Бұл 2026 жылы 16,03 АЕК немесе 69 330 теңге. Көмелетке толмаған бес балаға ай сайын бюджеттен 20,04 АЕК немесе 86673 теңге бөлінеді. Алты балаға берілетін жәрдемақы 24,05 АЕК немесе 104017 теңгені, жетеуіне 28,06 АЕК немесе 121360 теңгені, сегіз және одан да көп балаға әрбір келесі балаға 4 АЕК немесе 17300 теңгені құрайды.

Бұл төлемдердің барлығы жыл сайын есептік көрсеткішпен бірге көтеріледі және үлкен балалар 18 жасқа толғанда

азаяды. Көп балалы отбасына жәрдемақы тағайындау кезінде жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша, бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін білім алатын 18 жастан асқан балалар да ескеріледі.

Көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленетін айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің өзгеруі ескеріле отырып төленеді.

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексінің 74 бабына сәйкес әлеуметтік төлемдер мен балалы отбасыларға берілетін жәрдемақыларды алушы:

1) заңнамасына сәйкес әлеуметтік төлемдер мен балалы отбасыларға берілетін жәрдемақыларды тағайындау үшін толық және анық мәліметтер ұсынуға;

2) әлеуметтік төлемдер мен балалы отбасыларға берілетін жәрдемақыларды алу кезінде Мемлекеттік корпорацияға бала туғанда берілетін жәрдемақының, бала күтіміне байланысты жәрдемақының, көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақының, наградталған анаға берілетін жәрдемақының, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемнің мөлшерін өзгертуге негіз болатын мәңгілайар туралы осындай өзгерістер туындаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті.

Алушы бала туғанда берілетін

жәрдемақының, бала күтіміне байланысты жәрдемақының, көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақының, наградталған анаға берілетін жәрдемақының, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемнің мөлшеріне әсер ететін мәңгілайар туралы уақтылы хабарламаға жағдайда, олардың мөлшері көрсетілген мәңгілайар туындаған кезден бастап, бірақ олар тағайындалған кезден кейін қайта қаралады;

3) әлеуметтік төлемдер мен балалы отбасыларға берілетін жәрдемақылардың артық есепке жатқызылған (төленген) сомаларын ерікті түрде, ал бас тартқан жағдайда – соттың заңды күшіне енген шешімінің негізінде сот тәртібімен қайтаруды жүргізуге міндетті.

«Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған аналар да жеке жәрдемақы алуға құқылы. «Күміс алқа» алқасымен марапатталған аналарға жәрдемақы ай сайын 6,40 АЕК немесе 27680 теңге мөлшерінде төленеді. «Алтын алқа» алқасымен марапатталған аналарға жәрдемақы - 7,40 айлық есептік көрсеткіш немесе 32005 теңге төленеді. Аталған төлемдер алты немесе одан да көп баланы дүниеге әкелген әйелдерге төленеді.

Б. МҰХАМАДИЕВА,
«Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің СҚО бойынша департаменті» РММ зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің бас маманы.

МАМАН КЕҢЕСІ

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҰЖЫМДЫҚ ШАРТТАРДЫ ЕҢБЕК ШАРТТАРЫН ЕСЕПКЕ АЛУДЫҢ БІРЫҢҒАЙ ЖҮЙЕСІНЕ ЕНГІЗУ

Еңбек қатынастарының ашықтығын қамтамасыз ету, қызметкерлердің еңбек құқықтарын қорғау және еңбек саласындағы мемлекеттік бақылауды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасында Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі (бұдан әрі – ЕШЕБЖ) жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек мемлекеттік инспекциясы комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті жұмыс берушілердің назарын Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы талаптарына сәйкес ЕШЕБЖ-ға еңбек және ұжымдық шарттар туралы мәліметтерді уақтылы және дұрыс енгізу қажеттілігіне аударады.

ЕШЕБЖ-ға мәліметтерді ұсыну тәртібі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 3 қыркүйектегі № 353 бұйрығымен бекітілген ЕШЕБЖ-ға еңбек шарты туралы мәліметтерді ұсыну және алу қағидаларымен реттеледі.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі – ҚР ЕК) 1-бабы 1-бөлігінің 35-1) тармақшасына сәйкес ЕШЕБЖ еңбек шарттарын, еңбек қызметін және қызметкерлер санын есепке алуды автоматтандыруға арналған ақпараттық жүйе болып табылады.

ҚР ЕК 23-бабы 2-бөлігінің 27) тармақшасына сәйкес жұмыс беруші қызметкермен еңбек шартын жасасу және оны тоқтату, оған енгізілетін, 28-баптың 1-бөлігінің 1), 2), 3), 4), 5) және 13) тармақшаларында көзделген мәліметтерді қамтитын өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты, сондай-ақ ҚР ЕК 99-бабында көзделген демалыстарды беру туралы мәліметтерді еңбек жөніндегі үкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен ЕШЕБЖ-ға енгізуге міндетті.

Ұйымдағы әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттейтін ұжымдық шарттардың да маңызы зор. Оларда еңбекке төлеу, еңбек жағдайлары мен оны қорғау, жұмыс уақыты мен тынығу, қызметкерлердің әлеуметтік көпіндіктері мәселелері және басқа да ережелер көрініс табады.

ҚР ЕК 1-бабы 1-бөлігінің 79) тармақшасына сәйкес ұжымдық шарт – қызметкерлердің атынан олардың өкілдері мен жұмыс беруші арасында жасалатын, ұйымдағы әлеуметтік-



еңбек қатынастарын реттейтін жазбаша келісім нысанындағы құқықтық акт болып табылады.

ЕШЕБЖ-ға мәліметтерді енгізу, мерзімдерін бұзу немесе анық емес ақпаратты ұсыну Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘҚБтК) 98-бабына сәйкес әкімшілік жауаптылыққа әкел соғады. Айыппұлдардың мөлшері кәсіпкерлік субъектісінің санатына байланысты және 150 айлық есептік көрсеткішке (бұдан әрі – АЕК) дейін, ал қайталап бұзылған жағдайда 200 АЕК-ке дейін жетуі мүмкін.

ЕШЕБЖ-ны жүргізу қызметкерлердің еңбек өтілін растауға, олардың әлеуметтік және еңбек құқықтарын қорғауға, бейресми жұмыспен қамту деңгейін төмендетуге және кадрлық құжат айналымын жеңілдетуге ықпал етеді.

Осылайша, ЕШЕБЖ еңбек саласын цифрландырудың және еңбек қатынастарын мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттырудың маңызды құралы болып табылады.

Еңбек мемлекеттік инспекциясы комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті жұмыс берушілерді еңбек заңнамасының талаптарына қатаң сақтауға және ЕШЕБЖ-ға мәліметтердің уақтылы енгізілуін қамтамасыз етуге шақырады.

Дана КУПЕЕВА,
ҚР ЕХӘКМ Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің мемлекеттік еңбек инспекторы.

ЗАҢНАМАҒА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ

Халықты әлеуметтік қолдау шараларының тиімділігін, ашықтығын және қолжетімділігін арттыруға бағытталған мемлекеттік саясатты іске асыру шеңберінде мемлекеттік қызметтерді алушылар мен әлеуметтік қолдау шаралары арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Мемлекет басшысының 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Еліміздің барлық өңірлеріндегі оқал санаттар үшін әлеуметтік төлемдердің мөлшерін біріздендіру» атты Қазақстан халқына Жолдауының 89 тармағын орындау мақсатында Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы бойынша әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жеке-кейін санаттарының тізбесін айқындау қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі жұмыс аяқталды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 20 маусымдағы № 523 қаулысына сәйкес азаматтарды мұқтаждар санатына

жатқызу үшін 3 негіз алынып тасталды:
- бас бостандығынан айыру орындарынан босату және пробация есебінде болу;
- жасы ұлғаюына байланысты өзіне-өзі қызмет көрсете алмау;
- жетімдік және ата-ана қамқорлығының болмауы.
Қосымша көмек түрлерінен тіс протез-дау қызметтерін төлеуге және ауруханаға жатқызу орнына дейін және кері қайту жолдағын төлеуге әлеуметтік көмек алынып тасталды.
Мағжан Жұмабаев ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі.

ЖЕМҚОРЛЫҚ ИНДЕТ - ЖОЮ МІНДЕТ

МАҚСАТ – СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ОРТА ҚҰРУ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл - мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі және мемлекеттік кірістер органдары қызметінің маңызды бөлігі болып табылады.

Ашықтық және заңдарды мүлкісіз сақтау - тиімді және адал мемлекеттік қызметтің негізі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту үшін мемлекеттік кіріс органдарында цифрлық шешімдер үнемі енгізіліп, рәсімдер жеңілдетіліп, әкімшілік кедергілер жойылады.

Қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Барлық процестер мен қабылданған шешімдердің ашықтығы мен жариялығы қамтамасыз етіледі.
Әрбір мемлекеттік қызметші заңдарды, әдеп нормаларын және адалдық пен адалдық қағидаларын сақтауға міндетті.
Мемлекет пен қоғамның күш-жігерін біріктіру арқылы ғана біз сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік ортасын құра аламыз!

Мағжан Жұмабаев ауданының мемлекеттік кірістер басқармасы.

КӨШІ-ҚОН

БИЫЛ ОБЛЫСҚА 400 ОТБАСЫ ҚОНЫС АУДАРҒАН

Жыл басынан бері Солтүстік Қазақстан облысына көші-қон бағдарламасы аясында 400 отбасы көшіп келген. Қоныс аударушыларға мемлекет тарапынан көтермеақы төленіп, баспана алуға арналған «Экономикалық ұтқырлық сертификаты» беріледі. Биыл сертификат көлемі 7 млн теңгеге дейін ұлайтылып отыр.

Бытыр отбасымен бірге Талдықорғаннан Петропавлға қоныс аударған Павел Корниловтың айтуынша, ол бастапқыда пәтер жалдап тұрған, оның төлемі мемлекет есебінен жабылған. Кейін «Экономикалық ұтқырлық сертификатын» алып, өз жинақтарын қосып, ипотека арқылы үш бөлмелі пәтер сатып алған.


Жалпы бағдарлама аясында өңірге көшіп келген ер адамға 300 мың теңге көлемінде бір реттік субсидия төленеді. Сонымен қатар тұрғын үй сатып алуға берілетін сертификат көлемі де артақ.

СҚО бойынша еңбек мобильділігі орталығының директоры Нұрлан

Биболовтың айтуынша, бытыр сертификат көлемі 4,5 млн теңге болған. Алайда қоныс аударушылар дәл осындай соманы өз қалтасынан қосыу керек еді. Соның негізінде жалпы құны 9 млн теңгеге дейінгі баспана алуға мүмкіндік болған.

«Биылғы ерекшелік – Үкіметтен 7 млн теңге төленеді. Егер үйдің бағасы осы қаражатқа сай келсе, қоныс аударған азамат қосымша қаржы шығармай-ақ баспаналы бола алады», деді Нұрлан Биболов.

Биыл Солтүстік Қазақстан облысына 3020 қоныс аударушы мен қандасты қабылдау жоспарланған. Қазірдің өзінде жылдық жоспардың 60% орындалған.




Дүйсенбі, 1 маусым	Сейсенбі, 2 маусым	Сәрсенбі, 3 маусым	Бейсенбі, 4 маусым	Жұма, 5 маусым	Сенбі, 6 маусым	Жексенбі, 7 маусым
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
05.30 ӘНУРАН. 05.35 «НҮРСӘУЛЕМ-АЙ!». 07.00 ТАШШОЛПАН. 09.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10, 02.25 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 14.15 «АПТА». 14.55 «АҚОРДА». 15:10 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 15.50 Т/Х «БІЗДІҢ СЫНЫП». 17.20, 00.40 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 22.20, 01.30 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН». 03.05 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ».	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 06.10, 03.10 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 07.00 «ТАՆШОЛПАН». 09.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10, 02.25 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 14.15 АҚСАУЫТ. 14.35 Д/Ф. 15.15 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 15.50, 21.25 Т/Х «БІЗДІҢ СЫНЫП». 17.20, 00.40 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.25, 00.35 АҚША ӨЛШЕСІ. 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 22.20, 01.30 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН».	05.30 ӘНУРАН. 05.40, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 06.10, 03.10 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 07.00 «ТАՆШОЛПАН». 09.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10, 02.25 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 14.15 ЗАҢ АЛДЫНДА. 14.30 Д/Ф. 15.10 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 15.50, 21.25 Т/Х «БІЗДІҢ СЫНЫП». 17.20, 00.40 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 22.20, 01.30 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН».	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 06.10, 03.25 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 07.00 «ТАՆШОЛПАН». 09.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10, 02.45 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 14.15 ТАЗА САНА. 14.50 ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ НЫШАНДАРЫ. 15.10 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 15.50, 21.25 Т/Х «БІЗДІҢ СЫНЫП». 17.20, 00.40 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.25, 00.35 АҚША ӨЛШЕСІ. 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 22.20, 01.30 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН». 02.25 ІЗГІЛІК ФОРМУЛАСЫ.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.45 АҚПАРАТ. 06.10, 03.40 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 07.00 «ТАՆШОЛПАН». 09.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10, 03.00 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 14.15 ФАРЫШҚА ЖОЛ. 14.45 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 15.55 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 17.20, 01.15 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 22.20, 02.05 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН». 00.10 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 20.00, 00.20 АҚПАРАТ. 06.05 «АУЫЛДАСТАР». 06.30, 01.35 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 08.05, 01.10 ФАРЫШҚА ЖОЛ. 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.00 PRIME ERA. 12.25 ШӨМШІ ҚАЛДАЯҚОВ ӨНДІРІНЕН КОНЦЕРТ. 13.45 Д/Ф. 14.15 М/Ф. 15.45 «БӨЛҒАН ОҚИҒА», Х/Ф. 17.40, 00.35 ҚОС ПАЛАТА. 20.15, 00.55 «ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ». 20.30 «ҚАЙЫРЫҒЫ КЕШ». 22.10 «АРЫСТАН», Х/Ф.	05.30 ӘНУРАН. 05.35 АҚПАРАТ. 05.50 «АУЫЛДАСТАР». 06.15, 01.35 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 07.45 «КӨНІЛ ТӨЛҚЫНЫ», Х/Ф. 08.10 «БӨЛҒАН ОҚИҒА», Х/Ф. 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.00 «ҚАЙЫРЛЫ КЕШ». 13.50 М/Ф «НЕМО». 15.20 «АРЫСТАН», Х/Ф. 17.40, 01.20 «АҚОРДА». 20.00, 00.40 АПТА. 20.40 СӨКЕН МАЙҒАЗИЕВТІҢ КОНЦЕРТІ. 22.40 «ШАЛ», Х/Ф. 03.05 «ИЖУ-МАРЖАН».

Дүйсенбі, 1 маусым	Сейсенбі, 2 маусым	Сәрсенбі, 3 маусым	Бейсенбі, 4 маусым	Жұма, 5 маусым	Сенбі, 6 маусым	Жексенбі, 7 маусым
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00, 01.00 Т/Х «МЕТОД УБОРШНИЦЫ». 07.00 ОЯН! 09.00 М/Ф. 10.00, 20.00 Т/Х «ЭШРЕФТИҢ АРМАНЫ». 12.00 КОНЦЕРТ. 14.00 ӘЛЕУМЕТ. 14.30 КӨЗКАРАС. 15.00 «ГОСПОЖА ГОРНИЧНАЯ», Х/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 22.00 КЕШРЕС. 23.00 «САМОВОЛКА», Х/Ф. 02.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00, 01.00 Т/Х «МЕТОД УБОРШНИЦЫ». 07.00 ОЯН! 09.00 М/Ф. 10.00, 20.00 Т/Х «ЭШРЕФТИҢ АРМАНЫ». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 13.00 ОЙНАIQ. 14.00 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 14.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 14.45 ЖЕР-ЖАҒАН. 15.00 «САМОВОЛКА», Х/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 22.00 КЕШРЕС. 23.00 «ЭВОЛЮЦИЯ», Х/Ф. 02.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00, 01.00 Т/Х «МЕТОД УБОРШНИЦЫ». 07.00 ОЯН! 09.00 М/Ф. 10.00, 20.00 Т/Х «ЭШРЕФТИҢ АРМАНЫ». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 13.00 ОЙНАIQ. 14.00 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 14.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 14.45 ЖЕР-ЖАҒАН. 15.00 «ЭВОЛЮЦИЯ», Х/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 22.00 КЕШРЕС. 23.00 «ЗА БОРТОМ», Х/Ф. 02.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00, 01.00 Т/Х «МЕТОД УБОРШНИЦЫ». 07.00 ОЯН! 09.00 М/Ф. 10.00, 20.00 Т/Х «ЭШРЕФТИҢ АРМАНЫ». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 13.00 ОЙНАIQ. 14.00 НЕОСЕТЬ. 14.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 14.45 ЖЕР-ЖАҒАН. 15.00 «ЗА БОРТОМ», Х/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 22.00 КЕШРЕС. 23.00 «ДЕВУШКА МОИХ КОШМАРОВ», Х/Ф. 02.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00, 01.00 Т/Х «МЕТОД УБОРШНИЦЫ». 07.00 ОЯН! 09.00 М/Ф. 10.00, 20.00 Т/Х «ЭШРЕФТИҢ АРМАНЫ». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 13.00 ОЙНАIQ. 14.00 АРИАЙ РИПОРТАЖ. 14.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 14.45 ЖЕР-ЖАҒАН. 15.00 «ДЕВУШКА МОИХ КОШМАРОВ», Х/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 22.00 ҚОҒАМ ПИКІРІ. 23.00 «ДРУГ НЕВЕСТЬ», Х/Ф. 02.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00, 23.40 Т/Х «МЕТОД УБОРШНИЦЫ». 07.00 АЛҒАШҚЫ. 08.00 КОНЦЕРТ. 09.30 «БАЛАМ ҮШІН...». 10.00 CREATIVE QAZAQSTAN. 10.25 М/Ф. 11.45 М/Ф «ТУРБОЗАВРЫ». 12.10 «ДРУГ НЕВЕСТЬ», Х/Ф. 14.00 ХХІ ҒАСЫР КӨШБАСПЫСЫ. 15.15 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 19.00 7 КУН. 19.40 ЖҰМЫР ЖЕР. 20.00 COVER SHOW. 22.00 «ГОЛАЯ ПРАВДА», Х/Ф. 02.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00, 23.15 Т/Х «ВРЕМЕННО НЕДОСТУПЕН». 07.00 АЛҒАШҚЫ. 08.00 КОНЦЕРТ. 09.30 АЗАМАТ. 10.45 ӨМІР ӨРНЕГІ. 12.00 «ГОЛАЯ ПРАВДА», Х/Ф. 13.45 М/Ф. 15.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 19.00 7 КУН. 19.40 ГЛОБАЛЬНЫЕ СОБЫТИЯ. 20.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.15 «ДОБРОЕ УТРО», Х/Ф. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 1 маусым	Сейсенбі, 2 маусым	Сәрсенбі, 3 маусым	Бейсенбі, 4 маусым	Жұма, 5 маусым	Сенбі, 6 маусым	Жексенбі, 7 маусым
ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00, 03.50 «П@УТИНА». 07.20, 09.40, 14.10 ЖАҒАЛЫҚТАР. 07.30, 19.00 КӨРЕМІЗ-ШОУ. 08.30, 10.45, 14.20 НОВОСТИ. 08.45 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 09.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 Т/С «ЗОВИТЕ ЕРМОЛОВА». 13.15 АНАЛИТИКА. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.55 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.00, 01.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ-14». 01.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.20 ҚАЙМАҚ.	06.00, 03.50 П@УТИНА. 07.10 ЖАҒАЛЫҚТАР. 07.20, 19.00 КӨРЕМІЗ-ШОУ. 08.20 НОВОСТИ. 08.30 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 09.25 ЖАҒАЛЫҚТАР. 09.40 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.30 НОВОСТИ. 10.45 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ЗОВИТЕ ЕРМОЛОВА». 13.00 Т/С «ПОЗДНЕЕ РАСКАЯНИЕ». 14.10 ЖАҒАЛЫҚТАР. 14.20 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.55 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.00, 01.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ-14». 01.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.20 ҚАЙМАҚ.	06.00, 03.50 П@УТИНА. 07.10 ЖАҒАЛЫҚТАР. 07.20, 19.00 КӨРЕМІЗ-ШОУ. 08.20 НОВОСТИ. 08.30 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 09.25 ЖАҒАЛЫҚТАР. 09.40 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.30 НОВОСТИ. 10.45 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ЗОВИТЕ ЕРМОЛОВА». 13.00 Т/С «ПОЗДНЕЕ РАСКАЯНИЕ». 14.10 ЖАҒАЛЫҚТАР. 14.20 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.55 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.00, 01.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ-14». 01.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.20 ҚАЙМАҚ.	06.00, 03.50 П@УТИНА. 07.10 ЖАҒАЛЫҚТАР. 07.20, 19.00 КӨРЕМІЗ-ШОУ. 08.20 НОВОСТИ. 08.30 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 09.25 ЖАҒАЛЫҚТАР. 09.40 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.30 НОВОСТИ. 10.45 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ЗОВИТЕ ЕРМОЛОВА». 13.00 Т/С «ПОЗДНЕЕ РАСКАЯНИЕ». 14.10 ЖАҒАЛЫҚТАР. 14.20 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.55 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.00, 01.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ-14». 01.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.20 ҚАЙМАҚ.	06.00, 03.35 П@УТИНА. 07.10, 14.10 ЖАҒАЛЫҚТАР. 07.20, 19.00 КӨРЕМІЗ-ШОУ. 08.20, 14.20 НОВОСТИ. 08.30 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 09.25 ЖАҒАЛЫҚТАР. 09.40 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.30 НОВОСТИ. 10.45 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ЗОВИТЕ ЕРМОЛОВА». 13.00 Т/С «ПОЗДНЕЕ РАСКАЯНИЕ». 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.25 Т/С «СИННИЧКА».	06.00, 03.35 П@УТИНА. 07.05 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 07.45 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 08.10 Х/Ф. 10.25 «ЗАБЫТЫЙ АНГЕЛЬ», Х/Ф. 15.00 «QOSLIKE». 17.35 «РОДНОЙ», Х/Ф. 20.00 АСАУ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.35 ЗАҢ МЕН ЕЛ. 21.00 Т/С «ПЕРВЫЕ ВСТРЕЧНЫЕ». 01.50 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.30 П@УТИНА. 06.55 АСАУ ЖАҒАЛЫҚТАР. 07.30 ЗАҢ МЕН ЕЛ. 08.00 «ДЕЛА ЖИТЕЙСКИЕ», Х/Ф. 12.00, 15.00 «СЕРДЦЕ НЕ ОБМАНЕТ. СЕРДЦЕ НЕ ПРЕДАСТ», Х/Ф. 14.00 «ГОВОРИМ О ГЛАВНОМ». 17.45 «МОСКОВСКАЯ ПЛЕНИЦА», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.50 «АНЫҚТАЙМЫЗ. Р. ӨТЕПБАЙМЕН». 21.50 «ПЕРВЫЕ ВСТРЕЧНЫЕ», Х/Ф. 02.30 «ЧТО? ГДЕ? КОГДА?».

- Өн - халық үні, оның шындығы, оның ойы мен сезімі.
- Халықтың ықыласына ешкім тыйым сала алмайды.
- Ең үлкен махаббат – халық махаббаты.
Жамбыл ЖАБАЕВ.
Қадыр МЫРЗА ӘЛИ.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, ГРАНТ!

БАСПАСӨЗ - 2026

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ-2026» ҰЛТТЫҚ БАЙҚАУЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 6 желтоқсандағы № 250 өкіміне сәйкес Қазақстанда жыл сайын «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы өткізіледі.



Екінші – облыстық кезең (15 шілдеге дейін).

Облыстық комиссиялардың шешімдері негізінде жеңімпаз отбасыларға «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының лауреаты атағы беріледі.

Толық ақпаратты «СҚО әкімдігінің ішкі саясат басқармасы» КММ www.dvp.sko.gov.kz сайтынан алуға болады.

Мағжан Жұмабаев ауданының ішкі саясат бөлімі.

Ұлттық конкурс адамгершілік құндылықтарды жаңғыртуға және отбасы мен кекенің (ерлі-зайыптылықтың) оң бейнесін насихаттауға, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған.

Конкурсқа өзін-өзі ұсыну арқылы, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың, заңды тұлғалардың ұсынуы бойынша отбасылар қатысады.

Конкурсқа қатысу үшін өтінім аудандық (қалалық) комиссияларына 2026 жылғы 15 мамырдан 15 маусымға дейін тапсырылады.

Бірінші – аудандық (қалалық) кезең (29 маусымға дейін).

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

Құрметті «Мағжан жұлдызы» газетінің оқырмандары!

Сіздерге 2026 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу науқаны басталғанын хабарлаймыз.

Газетке аудандық пошта және газет редакциясында жазылуға болатынын еске саламыз.

Газетке жарты жылға жазылу бағасы:

- жеке тұлғалар үшін - 2185 тенге,
- заңды тұлғалар үшін - 3372 тенге.

Анықтама телефоны:
пошта - 2-17-80,
редакция - 2-21-35.

ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

Ішкі істер министрлігінің көлікті тіркеу қағидаларына енгізіген өзгерістері күшіне енді. Енді бұрын қолданылған мемлекеттік тіркеу нөмірлерін жақын туыстарға қайта рәсімдеуге мүмкіндік берілді.

ЕНДІ КӨЛІК НӨМІРІН ТУЫСТАРҒА БЕРУГЕ БОЛАДЫ: ЖАҢА ТҮЗЕТУЛЕР КҮШІНЕ ЕНДІ

Жаңа тәртіпке сәйкес, бұрын пайдаланылған нөмірлерді мемлекеттік органдарға, шетелдік дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелерге, сондай-ақ олардың қызметкерлері мен отбасы мүшелеріне қайта беру қарастырылған.

Сонымен қатар мемлекеттік нөмірлерді ата-анасына, балаларына, асырап алушылар мен асырап алынғандарға, туған және өгей бауырларға, ата-әжелеріне, немерелеріне, жұбайына немесе бұрынғы жұбайына рәсімдеуге болады. Бұл құқық бұрынғы нөмір мұрагерлеріне де беріледі.

Нөмірді қайта рәсімдеу үшін бұрынғы иесінің өтініші және туыстықты немесе мұрагерлік құқықты растайтын құжаттар қажет. Олардың қатарында неке куәлігі, туу туралы куәлік және мұрагерлік құқығын растайтын құжаттар бар. Сондай-ақ нөмірдің телнұсқасын дайындауға арналған мемлекеттік баж салығы төле-



нуге тиіс.

Бұған дейін мұндай мүмкіндік тек жоғары сұранысқа ие VIP-нөмірлерге ғана берілетін.

Сонымен қатар ІІМ жоғары сұранысқа ие мемлекеттік нөмірлер тізімін кеңейтті. Енді 101, 121, 131, 202, 303, 404, 505, 717, 808, 909 секілді ерекше цифрлық комбинациялар, сондай-ақ бірдей әріптермен келетін ұқсас нөмірлер ресми түрде сұранысы жоғары санатқа енгізілді.

ЕНДІ ХҚО-ЛАРДА КЕЙБІР ҚҰЖАТТАР БЕРІЛМЕЙДІ: ОНЫ ҚАЙДАН АЛУҒА БОЛАДЫ?

Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі egov.kz порталында маңызды мемлекеттік қызметті толықтай онлайн форматқа көшіретінін мәлімдеді.

Енді ел азаматтары электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) Халыққа қызмет көрсету орталығына бармай, тек онлайн алады. Болашақта автосалоннан сатып алынған көлікті алғашқы рет тіркеу, тұрғылықты жері бойынша тіркелу және жер учаскесіне сөйкестендіру құжатын рәсімдеу де онлайн форматқа ауыстырылады.

Алдағы уақытта онлайн форматқа қосылатын тағы бірнеше қызмет түрі:

- жылжымайтын мүлікті тіркеу;
- шетел азаматтарына ЖСН қалыптастыру;
- еңбек мигранттарына рұқсат беру;
- қадатрлық паспорттарды рәсімдеу қызметтері көшіріледі.

Айта кетейік, Қазақстанда мемлекеттік қызметтерді цифрландыру нәтижесінде Халыққа қызмет көрсету орталықтарына түсетін жүктеме 35%-ға азайған. Бұл өз кезегінде алдағы уақытта қызметкерлер санын оңтайландыру мәселесін күн тәртібіне шығаруы мүмкін.



САУДАН ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Аусыл вирусы сыртқы ортада өте тезімді. Аурудың сау жануарларға жұғуы ауру малдан алынған, залалсыздандырылмаған өнімдер мен шикізат арқылы, сондай-ақ вирус ұзақ уақыт сақталуға қабілетті ауру жануарлардың бөлінділерімен ластанған жем-шөп, су, төсеніш, күтім құралдары, адамдардың киімі мен аяқ киімі және көлік құралдары арқылы жүруі мүмкін. Аусыл вирусымен жұғымдалған



ЖАНУАРЛАР АУСЫЛЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Жануарлар аусылы — бұл үй және жабайы жұптұяқты жануарлардың (ірі қара мал, қой, ешкі, шошқа) жедел өтетін вирустық ауруы. Ауру дене температурасының көтерілуімен (қызыбамен), ауыз қуысының сілемейлі қабығының, терінің, желінінің және аяқ-қолдардың тұяқ аралық саңылауының эрозиялық зақымдануымен сипатталады.

(инфекцияланған) жем-шөптің, топырақтың, төсеніштің ұсақ бөлшектері және басқа да нысандар желмен бірнеше шақырым қашықтыққа таралуы мүмкін.

Адамдардың жұқтыруының негізгі жолы — ауру жануарлардың шикі сүтін және одан өңделген өнімдерді, етін тұтыну. Ауру жануарлармен тікелей жанасатын адамдарда инфекцияның тікелей жұғуы (сауу, күту, емдеу, сою кезінде), ауа-тамшылы жолмен жұғуы (жануарлар тыныс алғанда және жөтелгенде), сондай-ақ жануарлардың бөлінділерімен ластанған заттар арқылы жұғуы мүмкін. Инфекция адамнан адамға берілмейді. Балалар ересектерге қарағанда аусылға тезірек шалдығады.

Аусылдың негізгі белгілеріне мына-

лар жатады: жануардың күйзеліске ұшырауы (енжарлығы), аузынан қою көбікті сілекейдің ағуы, ауыз қуысында, тілде, емшек үрпілерінде, желінінде және тұяқ аралық саңылауларында өртүрлі мөлшердегі көпіршіктердің (афталардың) пайда болуы, сондай-ақ дене температурасының көтерілуі.

Профилактикалық шаралар:

- жануарларды өз уақытында вакцинациялау (егу);
- жануарларды және жануарлардан алынатын өнімдерді (сүт, ет және т.б.) ветеринариялық ілеске құжаттары қабілетінен сауда орындарынан сатып алмау;
- жануарларды өкелу және өкету кезінде карантин ережелерін сақтау;

• үй-жайларды, құрал-саймандарды және көлік құралдарын жүйелі түрде дезинфекциялау (залалсыздандыру);

• ауру жануарларды оқшаулау және бұл туралы ветеринариялық қызметке дереу хабарлау;

• фермаларда және жеке аулаларда зоогигиеналық және санитарлық нормаларды сақтау.

Ауру белгілері байқалған немесе күдік туындаған жағдайда, тез арада жергілікті ветеринариялық қызметке хабарласыңыздар!

Александр ТУМРАУ,
Мағжан Жұмабаев ауданы
ветеринариялық станциясының
мал дәрігері.

<p>Директор - бас редактор Илья ГОИЧАР</p> <p>Газеттің меншік иесі: «Азат» ЖШС</p>	<p>Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев каласы, Батыр Баия көшесі, 13 үй.</p> <p>Тел: 2-17-49. Баспадан индекс 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p>	<p>Газет антасына 1 рет бейсенбі күні шығады, Жазылу индексі - 65360</p>	<p>«Magjan juldysy» газеті редакцияда терілін беттеледі. «Сенерий Қазақстан» баспаханасында басылады. (Шетровад к., Қоңуков к-сі, 5 үй). Таралымы - 600</p>	<p>Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудің ресми басылым болып табылады</p>
--	--	--	---	---

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынған, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қозғармасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қоғамдастар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады.